



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№44 (2001) 15 ЖЕЛТОҚСАН 2025 ЖЫЛ

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні

Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері, білім алушы жастары!

Сіздерді еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәу етер Тәуелсіздігіміз – баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық. Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы», – деп атап өткен болатын.

Ұлтымыздың азаттық туралы арманы ақиқатқа айналып, елдік дәстүрлеріміз жаңғырған бұл қастерлі мерекенің әрбір қазақстандық үшін маңызы зор. Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын тұғыры, елдігіміздің ең мызғымас тірегі. Осы жолда елімізді өркендетіп, білім мен ғылымды дамытуға, жас ұрпақты отаншылдық, азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеуге қосып жатқан еңбектеріңіз ерекше құрметке лайық. Университетіміздің дамуына, ел алдындағы маңызды міндеттерді орындауға сіңірген еңбек-

теріңіз үшін баршаңызға алғыс білдіремін. Әрқайсыңыздың табысты қызметіңіз бен жас ұрпаққа көрсетіп жүрген үлгіңіз ҚазҰУ-дың абыройын арттырып, еліміздің жарқын болашағына қызмет етеді деп сенемін. Жаңа, әділетті Қазақстан құру жолында аянбай еңбек етіп, ғылым жолында табысты болыңыздар. Жақындарыңыз бен әріптестеріңіздің құрметіне бөленіп, шәкірттеріңіздің алдында мәртебелеріңіз арта берсін.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Тәуелсіз Қазақстанның келешегі кемел, еңсеміз биік, іргеміз бүтін болсын!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма
Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жаңадан ашылатын ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлейтін цехтың дайындығын тексерді.

Бүгінде нысанда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Ауқымды жобаны ҚазҰУ мен «Юань Чжэнь» компаниясы бірлесіп жүзеге асыруда. Цехқа қажетті алаңды оқу ордасы дайындап жатса, ал қытайлық компания қажетті техникалар және аппараттармен қамтамасыз етеді.

Дайындалатын дрондарды түрлі салада, соның ішінде ауыл шаруашылығы, мониторинг, құрылыс және басқа да салаларда қолдануға болады. Сондай-ақ аталған цех ҚазҰУ студенттері үшін білім беру және ғылыми-тәжірибелік маңызы зор орталыққа айналады.



Дрон әзірлейтін цех ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Ректор құрылыс жұмыстарын сапалы және көрсетілген мерзімде аяқтауды тапсырды.



Бұған қосымша, ЖОО басшысы ҚазҰУ базасындағы Farabi HUB орталығын, Цифрлық технологиялар және робототехника халықаралық институты мен Робототехника орталығын, сондай-ақ роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығын аралап, соңғы өзгерістермен танысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Инновациялық сервистерді енгізу жайы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Mastercard» компаниясының Қазақстан және Орталық Азия бойынша бас директоры Санжар Жамаловпен кездесті.

Тараптар цифрлық қаржылық шешімдер саласындағы ынтымақтастық перспективасын, білім алушыларға арналған инновациялық сервистерді енгізу мүмкіндіктерін талқылады. Сонымен қатар бірлескен сараптамалық зерттеу орталы-

ғы мен зертхана ашу, университет студенттеріне арналған киберқауіпсіздік тақырыбындағы көшбасшылық дәрістер ұйымдастыру бойынша өзара пікір алмасты.

Оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев жаһандық

технологиялық компаниялармен ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталып, білім беру сапасын арттыруға және студенттердің игілігі үшін жасалатын жобаларды іске асыруға қызығушылық білдірді.

Кездесу нақты ынтымақтастық бағыттарын пысықтау және бірлескен бастамаларды әзірлеу жөніндегі келісіммен аяқталды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

2-бет
Тюркская цивилизация – стратегический ресурс национального развития



4-бет
Тәуелсіз ел ғана төл тарихын түгендей алады



6-бет
Медицина мен менеджменттегі жи



От всего сердца поздравляю вас с Днем Суверенитета Республики Казахстан, который мы отмечаем 16 декабря! Этот день символизирует независимость нашей страны, её духовную и культурную самостоятельность, право каждого гражданина сохранять и развивать свою идентичность. Пусть процветание и благополучие Казахстана будут надёжным фундаментом для будущих поколений, а единство народа остаётся источником силы и вдохновения.

сударственного общения, но и как инструмент культурной дипломатии.

Примером тому служит активное развитие программ академической мобильности, перевод казахской классической и современной литературы на иностранные языки,

рассматриваются как единое историко-лингвистическое пространство, сформированное многовековыми контактами, что особенно важно для понимания современного положения казахского языка в системе тюркских языков.

В XXI века, когда цифровые

лингвистическими и социокультурными особенностями.

Так, по данным Всероссийской переписи населения 2021 года, численность тувинцев, коренного народа Южной Сибири, составляет около 295 384 человек, большинство из которых проживает в Республике Тыва, а также небольшие диаспоры встречаются в Монголии и Китае.

Чуваши – другой тюркский народ с древними культурно-языковыми традициями. По данным переписи 2010 года, численность чувашей превышала 1,4 млн человек, значительная часть которых проживает в Чувашской Республике и других регионах Российской Федерации.

В НИИ тюркологии и алтаистики, созданным мною и активно работающем, начиная с 2022 г. эта демографическая специфика также учитывается при формировании научных программ, научно-образовательных инициатив и международных проектов.

В рамках укрепления международного сотрудничества институт проводит совместные исследования, организует стажировки и тематические семинары, направленные на повышение профессионального уровня специалистов, работающих с языками малочисленных народов тюркской семьи, а также на широкое распространение результатов научной работы в глобальном академическом сообществе.

Особое внимание уделяется привлечению к работе института экспертов, представляющих языки малочисленных и региональных групп. Так, в научных при активном участии Ламажаа Чимизы Кудер-ооловны, специалиста по тувинской культуре КазНУ стал соиздателем журнала базы Scopus. Вы слушали лекции профессора Николай Иванович Егорова, который является экспертом по чувашскому языку. Хочу напомнить, что этот язык является единственным живым представителем булгарской (огурской) ветви тюркских языков.

Деятельность этих ученых способствует не только углублённому изучению тюркских языков и культур, но и обмену лучшими практиками сохранения и развития языкового наследия на международном уровне.

Такая политика института отражает понимание того, что языки малочисленных тюркских народов – это не просто объект научного изучения, но и важный ресурс культурной дипломатии, межнационального диалога и устойчивого развития, укрепляющий связи между различными тюркскими сообществами и способствующий сохранению языкового многообразия в XXI веке.

В заключение хотел бы отметить, что развитие и продвижение тюркских языков сегодня – это не только научная задача, но и стратегическая инвестиция в будущее национальных культур и международного гуманитарного сотрудничества.

Жансеит ТУЙМЕБАЕВ,
Председатель Правления –
Ректор НАО «КазНУ имени аль-Фараби»

Тюркская цивилизация – стратегический ресурс национального развития



му национальному университету имени аль-Фараби, где на регулярной основе проводятся международные конференции, круглые столы и научно-образовательные семинары, посвящённые проблемам тюркской филологии, истории письменности и межкультурных контактов. Сегодня Всемирный день тюркских языков отмечается не только в тюркских государствах, но и в регионах проживания тюркских народов – в Татарстане, Башкортостане, Республике Саха (Якутия), Хакасии, Тыве, а также в тюркских диаспорах Европы, США и стран Азии. Это подчёркивает глобальный характер тюркской языковой семьи и её устойчивое присутствие в современном культурном пространстве.

Орхонские надписи в этом смысле являются не только памятниками письменности, но и символами исторической преемственности, связывающими древнетюркскую традицию с современным казахским языком. Лексические, морфологические и семантические параллели, выявляемые исследователями, наглядно демонстрируют живую связь эпох и подтверждают непрерывность развития тюркской языковой системы.

Не случайно тема моего выступления «Тюркская цивилизация как стратегический ресурс культурной дипломатии и национального развития». В этом контексте особое место занимает казахский язык, который сегодня выступает не только как средство внутриго-

а также международные проекты по изучению казахского языка как родного и как иностранного. Через русский язык другие языки в мировое культурное пространство входят произведения Абая Кунанбаева, Мухтара Ауэзова и многих классиков казахской литературы и языка, формируя устойчивый интерес к казахской культуре и истории.

Осмысление роли тюркских языков в современном мире опирается как на классические лингвистические исследования, так и на научно-публицистические труды, посвящённые языковой политике и культурной идентичности. Так, в работах Эдуарда Романовича Тенишева тюркские языки

технологии и интернет-пространство значительно расширили возможности межкультурного общения, тюркские языки – и в том числе казахский язык – становятся главным ресурсом формирования конкурентоспособного гуманитарного пространства, ориентированного на диалог культур, сохранение идентичности и воспитание многоязычного, культурно открытого молодого поколения.

Важным направлением современной тюркологической политики является поддержка малочисленных тюркских народов, численность которых, по данным лингвистической и демографической статистики, варьируется от нескольких десятков тысяч до нескольких сотен тысяч носителей. В настоящее время в тюркскую языковую семью входит более 30 языков, значительная часть которых относится к категории языков с ограниченной сферой функционирования и нуждается в целенаправленной научной, образовательной и институциональной поддержке.

Особое внимание в современной тюркологии уделяется сохранению и развитию языков и культур малочисленных тюркских народов, численность которых существенно меньше крупных этносов, но культурное и языковое наследие которых обладает уникальными



Мы также отмечаем Всемирный день тюркских языков. Историческое решение о провозглашении 15 декабря Всемирным днём тюркской языковой семьи было принято 3 ноября 2025 года на 43-й Генеральной конференции ЮНЕСКО в Самарканде. Инициаторами этого решения выступили тюркские государства – Республика Казахстан, Кыргызская Республика, Республика Узбекистан, Азербайджанская Республика и Турецкая Республика. Поддержка международного сообщества и включение даты в официальный календарь ЮНЕСКО свидетельствуют о признании глобального значения тюркских языков как важной части нематериального культурного наследия человечества.

Этот день имеет особое научное и культурное значение: именно 15 декабря 1893 года датский учёный Вильгельм Томсен объявил о дешифровке Орхонских надписей – древнейших памятников тюркской письменности. Его открытие позволило впервые прочесть имена Бильге кагана и Күлтегина, а также восстановить историческую картину раннетюркской эпохи. Его открытие стало подлинным рубежом в развитии тюркологии: впервые были прочитаны имена Бильге кагана и Күлтегина, что позволило восстановить целостную историческую картину раннетюркской государственности и культуры.

Сегодня мы отмечаем эти даты вместе – День Суверенитета, символ национальной независимости, и День тюркских языков, символ богатого культурного и исторического наследия тюркских народов. Хочу напомнить, что сами памятники были обнаружены в 1889 году известным русским исследователем и общественным деятелем Николаем Михайловичем Ядринцевым в долине реки Орхон. В дальнейшем расшифровка Томсена была подтверждена и существенно расширена трудами крупнейшего тюрколога Василия Васильевича Радлова, внёсшего колоссальный вклад в изучение, систематизацию и перевод древнетюркских текстов.

В Казахстане интерес к тюркской письменной традиции и языковому наследию имеет глубокие корни. Уже в 2013–2014 годах на заседаниях Комитета по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента Республики Казахстан обсуждалась необходимость учреждения Дня тюркской письменности. Эта инициатива получила поддержку научного сообщества и стала логическим продолжением государственной языковой политики, ориентированной на укрепление статуса казахского языка как основы национальной идентичности.

Особая роль в этом процессе принадлежит Казахско-

Азаматтық жауапкершілікті арттыру маңызды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-майор Ержан Исақұловпен кездесті.

Өңгімелесуде тараптар білім беру мен ғылым саласындағы өзекті мәселелерді, жоғары оқу орындарының қоғамдағы рөлін, сондай-ақ жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеудің маңызын талқылады.

Жансейіт Қансейітұлы университеттің стратегиялық даму бағыты мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Өз кезегінде Ержан Бекбауұлы ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту және азаматтық жауапкершілікті арттыру бағытындағы тәжірибесімен бөлісіп, білімді әрі білікті мамандар даярлауда университеттің орны ерекше екенін атап өтті. Сондай-ақ ол жастардың бойында ұлттық құндылықтар мен патриоттық сана қалыптастыруда оқу ордасының ықпалы зор екенін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар білім алушы жастарға арналған танымдық кездесулер мен дәрістер ұйымдастыру бойынша пікір алмасты.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

АҚШ астрофизигі дәріс оқыды



Физика-математика ғылымдарының докторы, АҚШ-тың Гринсборо қаласындағы Солтүстік Каролина университеті Физика және астрономия кафедрасының профессоры Анатолий Мирошниченко Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде дәріс оқыды.

Дәріс «Жұлдыздық эволюция жолдарының көптірлілігі: қос және көпкомпонентті жүйелердегі өзара әрекеттесуге байланысты құбылыстар» тақырыбына арналды.

Анатолий Мирошниченко – әлемдік астрономия саласындағы танымал ғалым. Профессор ҚазҰУ-дың халықаралық ғылыми имиджін нығайтуға

да үлкен үлес қосып келеді. Оның қолдауымен 2024 жылы ҚазҰУ ыстық жұлдыздар жөніндегі беделді халықаралық конференцияны өткізді. 2014 жылдан бері профессордың жетекшілігімен ҚазҰУ-да тоғыз PhD докторанты диссертациясын сәтті қорғады.

Дәріс барысында профессор жұлдыздардың құрылысы мен эволюциясына байланысты ғылыми деректерді қызықты форматта түсіндіріп, жұлдыздардың жіктелуі, даму сатылары және қазіргі зерттеліп жатқан құбылыстар туралы мол ақпарат берді.

Дәрістен кейін студенттер мен жас ғалымдар сұрақтар қойып, пікірталасқа қатысты. Профессор әр сұраққа жан-жақты әрі ғылыми тұрғыдан негізделген жауап берді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан журналистика академиясының президенті, профессор Сағымбай Қозыбаев пен академияның вице-президенті, профессор Валерий Жандәулетовті қабылдады.

Кездесу барысында тараптар журналистика саласындағы білім беру сапасын арттыру, университет пен академия арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың медиа саласындағы қазіргі бағыттары мен жоспарларына тоқталды. Ректор оқу ордасындағы журналистика факультеті үшін тәжірибелік білімді күшейтудің, медиа орталықтармен және кәсіби ұйымдармен серіктестікті нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде профессор Сағымбай Қозыбаев Қазақстан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде Artificial General Intelligence (AGI) ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

Салтанатты ашылу рәсімін Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық даму жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов, ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сәрсенбек Жүсіпбеков және Қазақ тамақтану академиясының президенті Алмаз Шарман бастап берді.

Ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сәрсенбек Жүсіпбеков AGI орталығының презентациясын өткізді. Бұл орталық Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген жасанды интеллект технологияларына ұлттық басымдық беру тапсырмасына сәйкес құрылды. Орталық AI-ды барлық салаларда жедел енгізу, отандық IT-компанияларды нығайту және Қазақстанды алдағы бес жыл ішінде цифрлық мемлекетке айналдыру міндеттерін көздейді.

AGI Center ғылыми бағыттары кең: AGI, когнитивтік және түсіндірілуге болатын модельдерден бастап, биомедициналық талдау, causal AI, денсаулық, стресс, тамақтану, циркадтық ритмдер, эпигенетика және адамның белсенділігін зерттеуге дейінгі салаларды қамтиды. Орталық командасы бірнеше жобаларды іске асырып жатыр: AmanAI – нейродегенеративті ауруларды диагностикалау және қалпына келтіру жүйесі, ZhurekAI

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде II халықаралық Қазақстанның жас ғалымдары конгресі аясында «Жер, ғарыш және коммуникация» секциясының кезекті отырысы өтті.

Секция жұмысында қатысушылар география, ғарыштық технологиялар, байланыс жүйелері және ақпараттық коммуникация салаларындағы соңғы зерттеулер мен жетістіктерді талқылады. Сондай-ақ жас ғалымдар өздерінің ғылыми жобаларын таныстырып, халықаралық деңгейде ғылымды интеграциялау мен тәжірибе алмасу жолдарын қарастырды.

Ауқымды іс-шараға шетелден келген ғалымдар, отандық зерттеушілер, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы, ҒЗИ өкілдері қатысты.

Журналистика академиясымен байланыс нығаяды



журналистика академиясының атқарып жатқан жұмыстары туралы айтып, жас журналистерге арналған ортақ білім беру жобаларын, шеберлік сабақтары мен тренингтер

ұйымдастыру мәселелерін ұсынды. Профессор Валерий Жандәулетов заманауи медиа үрдістерге бейімделу бойынша ұсыныстарын ортаға салды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

AGI ғылыми-зерттеу орталығы ашылды



жүрек-қантамырлық қауіптер мен стресті бағалау платформасы, сондай-ақ OmirAI, SenimAI және Sana – халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартуға арналған цифрлық шешімдер. Бұл жобалар зерттеу идеяларын нақты, өлшенетін және масштабталатын шешімдерге айналдыра алады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Жас ғалымдар конгресі өтті



Шараны ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов ашып, мұндай ғылыми басқосулар тәжірибе алмасуға, ынтымақтастыққа, жаңа идеялар мен жаңа зерттеулерге жол ашатынын жеткізді.

Іс-шара қорытындысында

қатысушылар жас ғалымдарға арналған мұндай алаңдардың ғылымның дамуына зор үлес қосатынын атап өтіп, алдағы уақытта да ынтымақтастық пен бірлескен ғылыми жобаларды жалғастыруға ниет білдірді.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Осыдан 34 жыл бұрын Алматы қаласында 12-ші шақырылған Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды қабылдады. Бұл заң арқылы Қазақ елі өзін дербес, азат, тәуелсіз деп бүкіл әлемге жария етті.

зақстан аумағында оның кем дегенде 3000 жылдай тарихы болғаны бәрімізге белгілі.

Ұлы дала аумағында мемлекеттіліктің алғашқы іргесі скиф, сақ және сармат дәуір-

Қазақ хандығы ішкі және сыртқы себептердің әсерінен әлсіреп күйреді де, көршілерге таланып, тарихтың көшінде қалды. Қазіргі күннің тұрғысынан қарасақ, Қазақ хандығы – XV ғасыр ортасында ортағасырлық мемлекет ретінде қалыптасып, XVIII-XIX ғасыр-

Республикасы құрылады да, ол 1936 жылы ҚазАКСР-ы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрамындағы одақтас республикалардың біріне айналды. Қазақ КСР-ы өзінің 71 жылдық тарихында қағаз жүзінде жеке ел болып жазылғанымен, іс жүзінде тізгіні орта-

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңының алғашқы баптарында-ақ нағыз тәуелсіз мемлекетке қажетті құқықтық негіздер нақты айқындалады.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңге қарасақ, еліміздің қол жеткізген жетістіктері зор. Тек руханияттың негізі болған тарих саласындағы жетістіктеріміздің өзі бір төбе. Тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында тарихшыларымыз өз ізденістері мен зерттеулерін жүргізуде бұрынғы таптық принциптен бас тартып, бүкіл әлемнің көпшілігі қолданатын өркениеттік принципке ауысты. Сондай-ақ алғашқы жылдары академиялық көптомдық жарыққа шықты. Ал екінші онжылдықта мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, онда қазақ тарихына қатысты шетелдегі тарихи жәдігерлердің көшірмелерін елге әкелу көзделді. Сондай-ақ елдегі тарихи жәдігерлер қалпына келтірілді. Үшінші онжылдықта мемлекеттің қолдауымен «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру» секілді ауқымды бағдарламалар орындалды. Ал енді ел тәуелсіздігінің төртінші онжылдығында «Ежелгі замандардан – күні бүгінге дейінгі Қазақстан тарихының» академиялық жеті томдығы жазылу үстінде. Мұндай шараны тек тәуелсіз ел ғана жүзеге асыра алады.

Бұл біздің елдің тек тарих саласында ғана қол жеткізіп отырған жетістіктері. Егер дербес, азат болмасақ, тәуелсіздік тумаса, осының ешқайсысы да жүзеге асырылмаған болар еді. Олай болса, тәуелсіздігін жариялаған 16 желтоқсан – Қазақ елі үшін ең құнды, ең маңызды мерекелердің бірі болып саналады. Сондай-ақ 16 желтоқсан – Қазақ елінің қазіргі замандағы тарихының алғашқы беті және 34 жылдық тәуелсіздік кезеңіндегі барлық мерекелердің бастауы.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
профессор

Тәуелсіз ел ғана

төл тарихын түгендей алады

лерінде қалыптаса бастап, оның негізгі белгілері үздіксіздік және сабақтастық принциптері арқылы дами келе, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлеріне ұласады. Одан әрі мемлекеттіліктің дамуы түрік дәуірінде кең құлаш жаяды. Түрік қағанаты өз дәуіріндегі Еуразия аумағындағы ең қуатты империялардың бірі боп саналды. Мемлекеттілік үдерісі одан әрі оғыз-қыпшақ дәуірінде, Алтын Орда, Ақ Орда дәуірлерінде дами келе, Қазақ хандығына келіп ұштасады. Қазақ хандығының өзіне тән ең басты ерекшелігі, ол – Қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болды.

Қазақ хандығы өз тарихында төрт ғасырдай өмір сүріп, басына бақ қонған, бақ ұшқан замандарды өткерді. Уақыт жағынан алғанда кейінгі орта ғасырларда өмір сүрген Қазақ хандығы қазақ этносының этникалық аумағын қалыптастырды, қазақ халқының мәдениетін, этникалық болмысын дамытты, оны сыртқы жаулардан қорғауды ұйымдастырды. Өз тарихында келер ұрпаққа өнеге болар небір оқиғаларды басынан өткерді. Ең бастысы, мемлекет өзінің негізгі міндеттерін атқара білді. Осы дәуірде қазақ халқы өз мемлекетінің арқасында әлемге танылды, өзінің Отаны – Қазақстанның орасан зор аумағын сақтап қалды.

Ал XIX ғасырдың ортасында

ларда жаңа заманның талаптарына сай бейімделе алмаған екен. Мемлекеттіліктің күйреуімен ғасырлар бойы қалыптасқан саяси-әкімшілік басқару жүйесі де күйреді. Өз мемлекеті күйреп, тарихтың көшіне ілесе алмағандықтан, ел мен жердің тағдыры патшалық Ресейдің қолына өтті. Мемлекеті жоқ елдің халқы – нағыз қорғансыз болып, талан-таражға түсті. Жердің асты мен үстіндегі бар байлық өзгенің қолына көшті. Тіпті халықтың негізгі байлығы мал болса, мал жайылатын жайылымдық жерлердің өзіне мал жаюға тыйым салынды. Жалпы, отарлау саясатының құрамдас бөлігі болып саналған рухани отарлау, яғни шоқындыру, орыстандыру саясаты күшейеді. Отарлық езгіге қарсы шыққан халықтың көтерілістері жеңілістерге ұшырады. Осы кезеңдегі қазақ халқының ауыр күйі қазақ әдебиетінде «зар заман» деп аталды.

Қазақ халқы өз азаттығы мен бостандығы үшін қаншама рет қолына қару алып күрессе де, жеңіліс тауып отырды. Тек қана XX ғасырдың басындағы қазақ халқының зиялы қауым өкілдері жетекшілік еткен саяси күрес барысы ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру жолында Алашорда өкіметін құрды. Бірақ ол ұзақ өмір сүре алмады. 1920 жылы РСФСР құрамындағы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік

лықта болды. Сөйтіп, ол 1991 жылға дейін өмір сүрді. Дегенмен Қазақ КСР-ның қазақ тарихындағы өзіндік рөлі мен маңызын ешкім де жоққа шығара алмайды. Кеңестік кезең деп аталатын жылдары толық мәндегі саяси дербестік қазақ жұртының тек арманы болып қала берді.

Жер бетіндегі халықтардың санынан мемлекеттер саны бірнеше есе аз. Бұл әлемдегі барлық халықтың әлі де болса өз мемлекеті жоқ дегенді білдіреді. Ал мемлекеті жоқ халық өз тарихын зерттей алмайды, терең ұғына алмайды, жас ұрпақтың санасына сіңіре алмайды. Экономика, мәдениет, руханият та дәл сондай. Басқаша айтқанда, өзінің толық дербес, тәуелсіз мемлекеті жоқ халықтың бүгінгісі бұлыңғыр, ертеңі тұманды болады. Өйткені барлық мемлекет, ең алдымен, өз халқының алға қарап дамуы үшін қызмет етеді.

Жер бетіндегі өз мемлекеті жоқ халықтардың тарихына көз салсақ, олардың бірталайы жойылып кету қарсаңында тұр. Өйткені олардың ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеті жоқ. Осылардың бәрін ескере келе, Қазақстан Республикасының 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін жариялауын қазіргі заманғы Қазақстан тарихындағы аса маңызды, ерекше мәнді, тарихи оқиға деп санаймыз.

Тұрақты даму мақсаттары негізінде шығыстану факультетінде Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне арналған «Тамыры терең – Тәуелсіздік» атты факультеттік деңгейде шара өтті. Мерекелік шараның мақсаты – студент жастарға Тәуелсіздік күнінің мәні мен маңызын түсіндіріп, Желтоқсан оқиғасының жастар жадында жаңаша жандануын түйсінту.

Жастарға жігер берген басқосу

ашып берді. Ол Желтоқсан оқиғасының тарихына тоқталып, тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегенін атап өтті. Қазіргі жастардың ел тәуелсіздігіне ерекше құрметпен қарауын өтінді. Шынар Ерланқызы жастардың болашаққа деген сенімін нығайтып, ел үшін қызмет етудің қаншалықты қайырлы ері тартымды іс екенін атап өтті. Шараны ұйымдастырған Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының ұжымына алғыс білдірді.

Іс-шара кезінде Желтоқсан оқиғасын сипаттайтын ролик пен шетелдік қонақтар және факультеттің шетелдік оқытушыларының құттықтауы секілді видеороликтер көрсетілді.

Тәуелсіздік күніне арналды жырдан шашу шашылды, патриоттық әндер орындалды. 2-курс магистранты Үкібай Би-



болдың орындауындағы «Желтоқсан желі» мен «Сәйгүлік» әні көрермендерді ерекше толқитты. Факультеттің аға куратор-эдвайзері Шәріпқазы Нұр-

тәліптің «Біздің елдің жігіттері» әні, парсы бөлімінің 2-курс студенті Абилов Рахаттың сырнаймен орындаған «Бір ел болса, біздей болсын» әні және

урду бөлімінің 2-курс студенті Нұрлан Әйбикенің орындауындағы «Сәлем» атты ән әркімнің намысын қайрағаны рас. Қазақтың қара домбырасын күмбірлете шертіп, күй әлемінде тербеткен 2-курс докторанты Жомарт Ертайдың авторлық күйі «Қарадала» мен корейтану бөлімінің 1-курс студенті Мұхаммедәли Берекенің орындауындағы «Домбыра» және «Ерке сылқым» күйлері студент жастардың жүрегіне жетті. Қайрат Рысқұлбековтің «Соңғы сөз» өлеңін жоғары пафоспен оқыған Қытайтану кафедрасының 4-курс студенті Төлеухан Батырдың, сондай-ақ Әбілмәжин Бегімай мен Шаймерден Аружаннның от-жалын жырлары рухты бір көтеріп тастады. Іс-шара бірінші курс студенттерінің «Көк тудың желбірегені» әнін орындаумен аяқталды.

Жеңісбек ӘБЕЛДАЕВ,
Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасы меңгерушісінің ОӘ және ТІ жөніндегі орынбасары

Ұстаз еңбегінің өтеуі

Әріптесіміз, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Динейхан Минал, көзі тірі болғанда, 75 жасқа келер еді. Бірге жүріп, бірге қызмет істеп, пікірлес болған азамат туралы өз ойымды білдіруді парыз деп білдім.



Теориялық және ядролық физика кафедрасындағы «Ядролық физика» мамандығының бір топ студенті қос диплом алу дәрежесіне ие болды. Бұл үрдіс күні бүгінге дейін жалғасын табуда, Қазақстанның әр түкпірінен келген қарақөздер Ресейден білім алып қайтуда.

Динейханмен соңғы жылдары етене араластым. Ол менің Дубнаға бес жылға қызметке баруыма септігін тигізді. Өзі де, жұбайы Сәуле екеуі кішкене ұлы Әлібекпен бірге жазғы уақытын Дубнада өткізетін. Жанаясымен жаз бойы жемісті еңбек етіп, оның нәтижесін ғылыми семинарларда баяндап, бірекі ғылыми мақаласын Еуропаның белді журналдарына өткізіп қайтатын. Сол Дубнада болған кездерде зертханада күні бойы көзіңнің майын тауысып шыққан соң, кешкі қоңыр салқынды бетке алып, Волганы жағалап көп жүретінбіз. Кейде орыс орманының ішіндегі соқпақ жолмен бір ауық жерге велосипедпен серуендеп те қайтатын едік. Осы сәттерде көп әңгімелесіп, пікірлестік. Сол кезде мен оны азамат ретінде тереңірек таныдым. Мүмкін, туған жерден тысқары өскендігінің салдары ма екен, білмедім, әйтеуір, онда бір жасандылықсыз отаншылдық бар еді. Қазақстанның титтей жетістігін көрсе балаша қуанатын. Артымыздан желкілдеп өсіп келе жатқан жас жеткіншектер өссін, терең білім алсын деген жақсы ниет болатын және соған еш даңғазасыз бар күш-жігерін салатын. Қазақстандағы жалпы білім деңгейінің төмендегеніне күйініп, кейбір билік басындағы азаматтардың пендешілік әрекеттеріне налып, жағасын ұстайтын. Бірақ түбінде бәрібір Қазақстанның болашағы рухани таза, білімді жастармен байланысты болатынына сенімді еді.

ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде Динейхан Миналдың 75 жылдық мерейтойы атап өтілді. Үлкен ғылыми семинар ұйымдастырылып, әлемнің түкпір-түкпірінен (Ресей, Моңғолия, Сингапур т.б.) ғалымдар баяндама жасады. Осы семинарға Динейханның қанаты астынан шыққан жас ғалымдардың үлкен тобы Дубна қаласынан келіп қатысты. Олардың көбі бүгінде өз бағытында белгілі талантты жас ғалымдар. Бұл қатарда Дубнадағы институт басшылығында қызмет істейтіндері, ғылыми топ немесе зертхана басшылары да бар. Ұстаз еңбегінің өтеуі осы болар. Бұл шараның студенттерге, осында еңбек етіп жүрген жастарға тәрбиелік мәні зор болды.

Оңласын ИМАМБЕК,
Теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті

Абай ғылыми-зерттеу институтында «Абай ілімінің құрамдас бөліктері: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» тақырыбында мазмұны терең, рухани-танымдық мәні зор ашық сабақ өтті. Сабақтың негізгі мақсаты студенттердің адамшылық-рухани дүниетанымын кеңейтіп, Абайдың «толық адам» тұжырымдамасын ғылыми тұрғыдан түсіндіру, оның адам кемелдігіне арналған ой-танымын тәжірибелік деңгейде меңгерту болды.

Толық адамға бастайтын үш қасиет



Ашық сабаққа журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбайұлы, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Әйгерім Әлжанова қатысып, студенттердің белсенділігіне жоғары баға берді. Қанат Әуесбайұлы өз сөзінде қазіргі заманғы білім берудің өзекті қағидаттарына айналған 3К жүйесінің – креатив, коммуникация, коллаборацияның маңыздылығына тоқталып, бұл құзыреттердің болашақ мамандардың кәсіби әрі тұлғалық дамуына шешуші ықпал ететінін атап өтті.

Сонымен қатар филология ғылымының кандидаты, доцент Ләйла Мұсалы ашық сабақтың ғылыми-танымдық ауқымын кеңейту мақсатында пікірталас ұйымдастырып, студенттердің шешендік қабілетін, аналитикалық ойлауын, тұжырым жасау мәдениетін жетілдіруге бағытталған сұрақтар қойды. Студенттер қойылған мәселелерге нақты, логикалық тұрғыдан дәйекті жауап беріп, өз көзқарастарын еркін білдіре алды.

Сабақтың негізгі бөлігінде Абайдың 17-ші қара сөзіндегі ақыл, қайрат, жүректің үйлесіміне қатысты терең дүниетанымдық тұжырымдар мәтіндік, көрнекілік және талдамалық әдістер арқылы зерделенді. Студенттер бұл қара сөздің мазмұнын шағын драмалық көрініс арқылы сахналап, «Абай үшкілінің» – нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректің адам болмысының тұтастығын құрайтын негізгі өлшемдер екенін көрнекі түрде көрсетті. Абайдың «жеке-жеке тұрып жарытпайды» деген тұжырымын ашып, үш қасиеттің үйлесімі ғана толық адам идеясына жеткізетінін айқын дәлелдеді.

Студенттер үш топқа бөлініп, «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрек» ұғымдарының мәнін ғылыми-танымдық тұрғыда аша отырып, риторикалық сұрақтар мен өмірлік мысалдар арқылы талдау жасады. Топтық жұмыс барысында олардың креативті ойлауы, коммуникациялық дағдылары, коллаборативтік әрекеті айқын көрініс тапты.

Сабақтың келесі кезеңінде Абайдың 31-ші қара сөзі мен ақыл, қайрат, жүрек іліміне негізделген өлеңдері оқылып, оларға талдау жасалды. Студенттер мәтіннің ішкі мағыналық құрылымын, идеялық табиғатын ашуға тырысып, ақын шығармашылығын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік алды.

Сабақтың эстетикалық әсерін күшейту мақсатында әр топ Абайдың өңдерін түрлі эмоциялық реңкте, мұңлы, жігерлі, сыршыл әуезбен орындап, ұлы ойшылдың рухани өлемін сезінуге жағдай жасады.

Жалпы, Абайдың «толық адам» іліміне негізделген нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек тұжырымдамасын арқау еткен ашық сабақ мазмұн тереңдігі, әдістемелік ұтымдылығымен ерекшеленді. Студенттер Абай даналығының бүгінгі тұлғалық даму талаптарымен сабақтасатын тұстарын ашып, үш қасиет тоғысқанда ғана «адамдықтың асқар биігіне көтерілу мүмкін» екенін түйсінді.

Ашық сабаққа қатысқан журналистика факультеті «Кино және медиа» мамандығының 1-курс студенттері Әсел Қасқырбаева, Шапағат Ізбанова, Алдияр Дәрібаев, Сұлтанбек Жұбаныш, Аяулым Азаматқызы, Аяулым Аманбек, Ботакөз Айбек, Әлия Әлішерова, Рақымжан Асан, Салауат Қалимат, Ерасыл Базарбаев, Әнел Кемелова, Қарақат Ардаққызы, Шұғыла Асанәлі, Гүлдана Әмірхан, Меруерт Алтынбек өздерінің білім деңгейлері әрі өнерлерімен де көпшілікті тәнті етті.

Өткізілген ашық сабақ студенттердің тек танымдық көкжиегін кеңейтіп қана қойған жоқ, сондай-ақ олардың өзін-өзі дамыту, рухани кемелдену және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге зор ықпал етті. Абай ілімінің терең мазмұнымен тікелей жүздесу білімгерлердің адамгершілік бағдарларын нығайтып, құндылықтық ойлау жүйесін қалыптастырудың тиімді жолы болып отыр. Сабақ барысында қолданылған интерактивті әдістер, мәтінге түсіндірмелік талдау, мазмұнды сұрақтар мен топтық жұмыстар студенттердің теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік берді.

Мұндай сабақтар тұлғалық дамуды арттырып, жауапкершілік, адамдық қадір-қасиет, рухани сергектік сияқты қасиеттерді нығайтады. Демек, ашық сабақ білім алушыларға Абай мұрасының рухани қуатын сезіндіріп, оларды саналы, креативті, үйлесімді дамыған азамат болып қалыптасуға жетелейтін маңызды педагогикалық тәжірибе.

Гүлжан ЫБЫРАЙҚЫЗЫ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының аға оқытушысы



Химия және химиялық технология факультеті мен Химия-биология мектебі бірлесіп ұйымдастырған Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарының 10-11 сынып оқушылары арасындағы тұңғыш «Бірімжанов химия олимпиадасы» мәресіне жетті.

йынша күрделі есептерді шешті. Қатысушылардың теориялық және практикалық дайындығы, ғылыми ойлау қабілеті жан-жақты бағаланды.

«Бірімжанов химия олимпиадасы» өтті



Барлық қатысушыларға сертификаттар мен алғыс хаттар табысталды. Үздік нәтижеге қол жеткізген оқушылар арнайы номинациялармен марапатталды. Ал жүлделі үш орынды иеленген алты үздік оқушы диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды.

Айта кетейік, олимпиаданың ұйымдастырылуына химия-биология бағытындағы Ұлттық бірыңғай тестілеуге даярлайтын қаладағы беделді білім орталықтарының бірі – факультет түлегі Бауыржан Бақытжанұлы негізін қалаған мектеп негізгі ұйымдастырушысы және де-муешісі болды.

Химия-биология мектебі бірнеше жыл ішінде талай түлектің білім деңгейін көтеріп, олардың жоғары балл жинауына және еліміздің жетекші университеттеріне грантпен түсуіне мүмкіндік берді. Оқу орталығының тәжірибелі ұстаздар құрамының кәсібилігі, авторлық әдістемелері және оқушылармен жекелей жұмыс жүргізу жүйесі – білім сапасының басты кепілі.

Осындай ауқымды ғылыми білім сайыстары жас ұрпақтың ғылымға деген ынтыласын арттырып қана қоймай, ғылымға қадам басуына маңызды серпін береді.

Алмагүл НИЯЗБАЕВА,

Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті



Парсы және түркі тіліндегі қолжазбалар семинары

Шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к., «Болашақ – 500» бағдарламасы бойынша Sorbonne-Nouvelle университетінде тағылымдамадан өтіп келген ф.ғ.к. Ғалия Қамбарбекованың «Француз ирантану мектебі және Франция ұлттық кітапханасы қорындағы Орталық Азияға қатысты парсы және түркі тіліндегі қолжазбалар» (French school of Iranian Studies and «Persian and Turk Manuscripts Relating to Central Asia (XIII-XIX) in the Collection of the National Library of France (BNF)» атты ғылыми семинары өтті.



Семинар барысында Ғалия Қамбарбекова Париждегі Sorbonne университетінің құрылу тарихы, төрт автономиялы университетке бөлінгені (Paris I Pantheon Sorbonne, Paris III Sorbonne-Nouvelle, Paris IV Paris-Sorbonne, Paris V Rene Descartes) және Францияда ғылым, білім мен өнер түрлерінің дамуына жағдай жасап, ықпал еткен Роберт Сорбон, кардинал Ришелье, Рене Декарт, кардинал Джулио Мазарини, Шарль Анри, Огюст Шефер сынды тұлғалар жайлы баяндап, Шығыс тілдері және өркениет институты (INALCO) және осы институт кітапханасының (BULAC) қызметі жайлы түсіндіріп, осы институтта араб, қытай, иврит тілдерімен қатар, қазақ тілі де оқытылатынын атап өтті. Сонымен қатар Париждегі Францияның екі ұлттық кітапханасы – Ришелье атындағы ФҰК (BNF Richelieu) және Франсуа Миттеран атындағы ФҰК (BNF Francois Mitterand) кітапханаларының жұмысы туралы да мағлұмат берді.

Семинардың екінші бөлімі осы кітапханаларда сақталған Орталық Азияға қатысты қолжазбаларды таныстыруға арналды. Ришелье атындағы Франция ұлттық кітапханасында «Араб-қыпшақ сөздігі», «Түркістан тарихы», «Тарих-и мират ул-алам», «Қашқар тарихы», «Мұхаббатнама» сынды қолжазбалар сақталғаны және онда сақталған қолжазбалар арасында араб тілінде 7368, парсы тілінде 2869, түркі тілінде 2038 қолжазба бар екені туралы айтылды.

Ғалия Қамбарбекова осы тағылымдамада жинаған қолжазба деректері алдағы күндері мақала түрінде ғылыми қауым назарына ұсынылатынын да айтып өтті. Семинарға факультет ұстаздары мен студенттер қатысып, мол мағлұмат алды.

Айман БОРАНБАЕВА,

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

Медицина мен менеджменттегі жи

Қазіргі заманда жасанды интеллект (ЖИ) адам қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол білім беру, өндіріс, денсаулық сақтау және бизнес басқару сияқты өмірдің барлық салаларына белсенді араласуда. Жасанды интеллект қазірдің өзінде қиялдағы ұғым емес: біз оны күнделікті өмірімізде қолданамыз. Дыбыстық көмекшілер, деректерді өңдеу бағдарламалары, автоматтандырылған диагностика және болжау жүйелері – мұның бәрі ЖИ-дің көріністері, олар біздің өмірімізді жеңілдетіп, жұмысты тиімді етеді.

Медицина – жасанды интеллектің ең маңызды қолданылатын салаларының бірі. Қазіргі технологиялар медициналық деректер, зерттеу нәтижелері және науқастардың ауру тарихының үлкен көлемін бірнеше секундта талдауға мүмкіндік береді. ЖИ дәрігерлерге диагнозды дәлірек қоюға, аурудың дамуын болжауға

және жеке емдеу әдістерін таңдауға көмектеседі. Мысалы, нейрондық желілер МРТ, рентген және қан талдауының нәтижелерін жоғары дәлдікпен талдай алады, кейде адам мүмкіндіктерінен асып түседі. Сонымен қатар ЖИ дәрілік заттарды әзірлеу саласында да қолданылады. Химиялық қосылыстарды талдау арқылы



ол ғалымдарға тиімді формулаларды тез табуға жәрдемдеседі және жанама әсерлердің қаупін азайтады.

Менеджмент саласында жасанды интеллект талдау, жоспарлау және басқару процестерінде қуатты құралға айналды. Қазіргі компаниялар ЖИ-ді сұранысты болжау, клиенттердің мінез-құлқын талдау, логистиканы оңтай-

ландыру және кадрларды іріктеу үшін пайдаланады. Жасанды интеллект жүйелері үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, жасырын заңдылықтарды анықтап, деректерге негізделген басқарушылық шешімдерді ұсына алады. Персоналды басқаруда ЖИ қызметкерлердің құзыреттерін бағалауға, олардың күшті жақтарын анықтауға және команданың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Көптеген адамдар жасанды интеллектті қаншалықты жиі қолданатынын байқамайды. Біз навигациялық жүйелерді, дыбыстық көмекшілерді, аударма жүйелерін, «ақылды» сағаттар мен тіпті смартфон камераларын қолданғанда ЖИ-ге жүгінеміз. Жасанды интеллект өмірді ыңғайлы етіп, уақытты үнемдеуге, күнделікті тапсыр-

маларды азайтуға және дәлірек шешімдер қабылдауға ықпалды.

Жасанды интеллект – бұл болашақ технологиясы ғана емес, қазіргі заманның нақты құралы. Медицинада өмірді сақтап, дәрігерлерге көмекші және диагностика сапасын арттырады. Менеджментте ұйымдардың тиімділігін арттырып, коммуникацияны жақсартады және басшылардың жұмысын жеңілдетеді. Ең бастысы – жасанды интеллектті жауапкершілікпен пайдалану, ол адамға көмек беріп, оны алмастырмауы тиіс. Ақылды және этикалық көзқараспен ЖИ адамзаттың дені сау, тиімді және әділ қоғам құрудағы сенімді серіктесіне айналады.

Айман ХАДЖИЕВА,
экономика ғылымының кандидаты

Нұрбол ОТАРШИНОВ,
«Денсаулық сақтауды басқару» мамандығының 1-курс магистранты

Kazakhstan's Independence Day stands as one of the most important holidays for every Kazakhstani. December 16 marks the day the nation secured sovereignty and independence. The term 'Independence' signifies freedom from external control and the power to shape one's own future. Through the years, Kazakhstan has attained notable triumphs across many spheres. The economy has grown more diverse and resilient, social programs have raised living standards for many, and Kazakhstan's foreign policy has become an active global participant, advocating for peace and stability in the region and beyond.

My Country – My Pride



Yet, Independence Day is not merely a moment for celebration; it is also a time for contemplation and future planning. We must remember that independence is not automatic but the fruit of strength and perseverance.

Independence Day stands as

a moment for unity and solidarity. Kazakhstan's Independence represents the common good of all Kazakhstani citizens, so collective effort is essential to safeguard the nation's prosperity and welfare. We should honor and defend our independence and

The educators of the Chair of Foreign Languages Department at the Philological Faculty of our university have been incorporating the UN Sustainable Development Goals in their curriculum for several years. Many topical issues have been discussed in English-speaking classrooms, and "Climate action" is one of the live ones. Under the guidance of the faculty members A. Dzhanuzakova and A. Shayahmet, the conference on climate action was conducted on November 22, 2025, for first-year students at the Faculty of Oriental Studies.

Are you a climate change denier?



The intermediate-level students from the People's Republic of China delivered their own presentations in connection with the UN SDG #13: Aripzhan Bagzhan gave the "How climate change affects our everyday life" talk, Huang You Zhou spoke on the topic of "Young people in China and Kazakhstan: what can we do to help the planet?", Adilbek Talant shared his vision on "Air pollution in Beijing and Almaty", and Amantay Akarys tried to keep the theme in perspective in his "Green cities of the future" talk. All these speeches were prepared under the guidance of their teacher A.A. Dzhanuzakova.

To create awareness-raising ideas concerning the UN SDGs, the organizers used an interactive presentation under the title "The Climate Change Denier" created by Nik Peachey, who is a renowned digital guru in the world of English as a second lan-

guage (ESL). Nik Peachey is the author of the "Technical Tools for Teachers" series, and he also runs Peachey's Publications, which is a highly successful source among the educators that suggests English language teaching classroom materials on the topical matters to be settled. Why climate action issues should become an important part in our classrooms is not a disputable thing anymore, as nowadays literally everyone can witness climate change phenomena. The unusually warm late autumn in Almaty causes many cases of influenza – this year people speak about the Hong Kong virus. Moreover, from year to year, we have an increasing number of allergic people in the city, which might also be connected to the climate issues.

This year we prioritize the ideas concerning climate change deniers because we can hear

take pride in having witnessed and taken part in the historical transformations of our country.

On 4 December 2025, lecturers from the Department of Foreign Languages, together with first-year students from the Faculty of Chemistry and Chemical Technology and the Faculty of Physics and Technology, hosted an inspiring on-line event marking the 34th anniversary of Independence of Kazakhstan. The celebration brought together students from Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Mongolia, turning virtual space into a warm and vibrant international gathering. The program of the event featured dynamic presentations, heartfelt poems, soulful songs, each element adding its own charm and emotional depth to the occasion. Born at Al-Farabi Kazakh National University, this initiative has grown into a proud tradition, earning both national and international appreciation. On this significant day, the participants wished everyone good health, prosperity, peace and harmony!

Makpal MYRZAKHMET,
Zaure NESIPBAEVA
Department of Foreign Languages

Interview with 1st year international students at Higher School of Economy and Business



In this article, I want to introduce Bahara Alam, SHI Runyan, and Muhammad Yasin Ahmadi international students from Afghanistan and China to KazNU student community, who joined our university to pursue a degree in Management (6B04102) and Finance (6B04106). In this interview, they share their experience of applying to KazNU, moving to Kazakhstan, and adapting to academic and campus life.

– **Could you briefly introduce yourself to our readers?**

Bahara: My name is Bahara Alam. I'm in my early twenties and come from Kabul, Afghanistan. I've always been curious about exploring new places and learning in different environments, which eventually led me here.

Runyan: My name is SHI Runyan. I am 21 years old and come from China.

Muhammad Yasin: Hello! My name is Muhammad Yasin Ahmadi, a first-year bachelor's student from Afghanistan.

– **What motivated you to choose KazNU and Kazakhstan for your studies?**

Bahara: Kazakhstan offers an environment where tradition and modern development coexist, creating a dynamic atmosphere for learning. KazNU itself impressed me with its strong academic reputation and its commitment to modernization. Choosing KazNU meant choosing a place where I could grow academically, culturally, and personally all at the same time.

Runyan: My father believed that studying in a different cultural environment would broaden my horizons and offer me access to more opportunities.

Muhammad Yasin: I was drawn to Kazakhstan's growing reputation as a regional academic and business hub that values innovation and connectivity. KazNU's strong business school and the opportunity to learn in such a dynamic environment made it my top choice.

– **How did you learn about the program you are currently studying?**

Bahara: My first introduction to the program came through a research-based webinar featuring alumni working in international institutions. Their insights highlighted how the program blends theory with practical relevance. I explored further through academic journals, and the more I read, the more I realized that this was exactly the academic environment I was seeking.

Runyan: Through a friend's recommendation, I looked deeper into the program and found it to be a great fit for me, one that will benefit my future career.

Muhammad Yasin: I discovered the Finance program through the official Kazakhstan government scholarship portal, which highlighted University's leading schools. I then researched the Higher School of Business and Economics specifically, reviewed its curriculum, and reached out to current students on social media to learn about their experiences.

– **What was the application**

and admission process like for you?

Bahara: I gathered all the required documents, started making an application right after the program start date and submitted everything according to the university's instructions. The university's international office maintained transparent and timely communication, which helped me navigate each step confidently.

Runyan: I prepared and translated all the documents required by the university's admissions office and submitted them. After passing the entrance exam, I signed the enrollment contract and paid the tuition fees.

Muhammad Yasin: It required patience. As an Afghan student, securing funding was the primary challenge. The Kazakhstan Government Scholarship application was a separate, detailed process. Ensuring all my documents met the strict requirements was my biggest hurdle, but it taught me meticulousness – a useful skill in finance.

– **Tell us about your arrival in Kazakhstan. What were your first impressions?**

Bahara: Arriving at the airport, I was immediately struck by the calm efficiency and hospitality. Everything from immigration to baggage claim was surprisingly smooth.

KazNU's international team welcomed me with clear guidance and warm interaction. Almaty felt vibrant and serene at the same time. The city's unique blend of mountains, culture, and modern life left a lasting impression.

Runyan: I initially expected to arrive in a desolate and outdated post-Soviet style city. However, upon actually arriving, I realized I was wrong. Almaty is a modern city with contemporary architecture and well-developed infrastructure. When I stood before the floor-to-ceiling window of my hotel, facing the snow-capped mountains and the rising sun, I was deeply moved by such breathtaking beauty.

Muhammad Yasin: It was smooth and well-organized. University representatives were present to assist, which immediately made me feel welcome. The orientation was essential, covering everything from academic registration to cultural norms. The emphasis on building a diverse community was clear from the start. I was struck by the city's order, greenery, and stunning mountain backdrop. It felt like a peaceful and modern environment perfectly suited for focused study (to be continued).

Diana D. TEKTIBAYEVA,
Department of Foreign Languages

Өз кәсібiнiң үздiктерi



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызметкерлер арасында өткен «Өз кәсібiнiң үздiгi – 2025» байқауының жеңiмпаздары марапатталды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсiздiк күнiне орай, дәстүрлi түрде өткiзiлетiн шара өз мәресiне жетiп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетiнiң үздiк қызметкерлерi анықталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бiрiншi проректор Еркiн Дүйсенов жеңiмпаздарды құттықтай отырып: «Бүгiн бiз өзiнiң еңбегiмен, кәсiбилiгiмен және iске деген адалдығымен университетiмiздiң дамуына баға жетпес үлес қосып жүрген жандарды құрметтеймiз. Сiздердiң жетiстiктерiңiз – әрiптестерiңiз үшiн үлгi және жаңа жетiстiктерге деген ын-таландыру. Бұл марапат ең-

бектерiңiздi мойындау ғана емес, сонымен бiрге жаңа жетiстiктерге жетуге ынталандыру болсын!» – деген тiлегiн жеткiздi.

«Парасат» кәсiподағының төрағасы Талғат Мекебаев та үздiк қызметкерлердi құттықтап, жемiстi еңбек пен жоғары жауапкершiлiк үшiн алғыс бiлдiрдi.

Салтанатты марапаттау рәсiмi жеңiмпаздар туралы бейнероликтер көрсетiлiмiмен жалғасты.

Биыл марапатқа университеттiң оқытушы-профессорлар құрамының 16 өкiлi ие болды, олардың қатарында: Бағила Абдумәуленова (биология және биотехнология факультетi), Анар

Сүлейменова (география және табиғатты пайдалану факультетi), Махаббат Әлмұханова (журналистика факультетi), Әлия Полатбекова (жоғары оқу орнына дейiнгi бiлiм беру факультетi), Аялым Жақыпбекова (механика-математика факультетi), Мәдина Санатова (ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетi), Райхан Нүсiпова (шығыстану факультетi), Дина Садықова (халықаралық қатынастар факультетi), Ескендiр Әшiмов (физика-техникалық факультетi), Альмира Құрбанова (химия және химиялық технология факультетi), Айкөркем Әдiлова (заң факультетi), Әйгерiм Әлiмқанова (тарих факультетi), Әсел Оңғарова (филология факультетi), Аяжан Сейiтнұр (философия және саясаттану факультетi), Сәуле Томпақова (Экономика және бизнес жоғары мектебi), Дана Құлбек (медицина және денсаулық сақтау факультетi) бар.

Әрi қарай департамент қызметкерлерi марапатталып, жеңiмпаздарға дипломдар мен сыйлықтар табыс етiлдi. Олар: Роман Ермаков (Ақпараттық технологиялар департаментi), Динара Мырзалиева (Академиялық мәселелер департаментi), Шерхан Әбше (Ақпарат және коммуникациялар департаментi), Света Амзеева, Сәуле Батырханова, Гүлшат Игенбаева (Өндiрiстiк қамтамасыз ету департаментi), Мәдина Үмбет (Оқу процесiн бақылау қызметi), Мейiргүл Шомаева (Фараби кiтапханасы), Әсия Бекжанова (Ғылым және инновациялық қызмет департаментi).

Is-шара АРТ-орталықтың белсендi студенттерi дайындаған мерекелiк концертке жалғасты.

Света ӘМІРҒАЛИЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетiнiң командасы «AI-Sana Shakarim Solveathon: AI & Agriculture-2025» республикалық хакатонында бiрiншi орын алды.

Ғылыми байқаудан олжалы оралды



Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерден құралған команда жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, агроөнеркәсіп кешенінің өзекті мәселелерін шешу үшін өз білімдері мен тәжірибелік дағдыларын біріктірді.

«AI-Sana Shakarim Solveathon: AI & Agriculture-2025» – бұл ауыл шаруашылығына арналған қолданбалы AI-шешімдерді әзірлеуге бағытталған үшкүндік ауқымды офлайн-хакатон. Is-шарада еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған студенттер, зерттеушілер және индустрия өкілдері бас қосты.

Хакатон аясында қатысушылар ауыл шаруашылығының жетекші кәсіпорындарынан алынған нақты кейстермен жұмыс істеп, интеллектуалды суару жүйелері, топырақты мониторингтеу, арамшөптерді ла-

зерлік жолмен жою және агропроцестерді автоматтандыру бағыттарында жобалар әзірледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы қойылған міндеттерді сәтті орындап, Computer Vision, Data Science және AI-модельдеу салаларындағы жоғары құзыреттілік, инженерлік мәселелерді шешудегі жүйелі тәсіл, әзірленген прототипті нақты өндіріске енгізуге дайындық бағыттары бойынша жоғары нәтиже көрсетті.

Қазылар алқасының шешімімен ҚазҰУ командасы хакатонның жеңімпазы деп танылып, 1 000 000 теңге көлеміндегі бас жүлдеге ие болды.

Бұл жетістік университеттегі IT-мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін және жастардың зор ғылыми әлеуетін айқын көрсетті.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ҚазҰУ спортшысы Топ-5 қатарында

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің студенті, танымал спортшы Елдар Шекербек ашық суда өткен 10 шақырым қашықтықтағы жарыста 420 спортшының ішінен Топ-5 қатарына енді.

87 елден 2800 спортшы қатысқан ашық суда жүзуден әлем чемпионатының финалы – OCEANMAN-2025 Біріккен

Араб Әмірліктерінде, Парсы шығанағының жағалауында өтті.

Суда жүзуден чемпионат бағдарламасында элиталық жүзу, командалық эстафета және ашық суда өтетін жастар санатындағы жарыстар ұйымдастырылды.

Елдар Шекербек бұл додада спортшы ретінде ғана емес, жас бапкер ретінде де сынақтан өтті. Оның командасы әлемнің 67 үздік командасы арасында өткен 3×500 метрлік эстафетада 4-орынды иеленді.

ҚазҰУ спортшысы Е.Шекербек – Босфор бұғазын жүзіп өтудің жүлдегері, IRONMAN 2025 (Түркия) триатлон жарысының жүлдегері, ашық суда 2 км, 5 км және 10 км қашықтықтар бойынша Қазақстан чемпионы, 5 км қашықтықта Азияның абсолют чемпионы.

Сонымен қатар ол 3×500 м эстафета бойынша әлем чемпионы, Парсы шығанағында өткен 10 км жүзудің күміс және қола жүлдегері (БАӘ), 10 км қашықтықтағы Еуропа чемпионы (Испания), 2023-24 жылдар



дағы универсиада жеңімпазы, ашық суда жүзуден ҚР спорт шебері, триатлон және прези-

денттік бессайыс бойынша спорт шеберлігіне кандидат.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.